«Гранд Құрылыс»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ

ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«Гранд Құрылыс»

101100, Республика Казахстан, Карагандинская обл.
г. Приозерск, ул.Лесная, 10а
тел./факс: 8 (71039) 5-46-64, 5-43-31

Исх.№ 20
"17" 05 2018 г.

Приозерск қаласының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі,автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі
Приозерск қаласы
Пушкин көшесі, 7 үй

«Гранд Құрылыс» ЖШС
Приозерск қаласы
Лесная көшесі 10 А үй

Ш А Ғ Ы М

2018 жылдың 15 мамырындағы мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық комиссиясының қорытындысымен «Бесаспап» ЖШС қаланың кәріз жүйелерін ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша №18949408-ОК1 және №18949364-ОК1 лоттары бойынша жеңімпаз болып танылған.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 155 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай

(ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Мемлекеттік сатып алу комиссиясы конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийлер кестесінің 9 графасындағы «Гранд Құрылыс» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі бөлігінде оның осындай саладағы жұмыс тәжірибесін 7 жыл деп қате көрсеткен, осыдан кестенің 7 графасындағы шартты жеңілдіктер көлемі ЖШС-ке қате есептелгендіктен, аталған лоттар бойынша «Бесаспап» ЖШС-ін жеңімпаз ретінде тануға негізсіз шешім қабылданған. Негізінен «Гранд Құрылыс» ЖШС-нің кәріз жүйелерін жөндеу жұмыстары бойынша жұмыс тәжірибесі 11 жылдан кем емес.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, Сізден көрсетілген заңбұзушылықты жойып, конкурстық комиссияның 2018 жылғы 15 мамырдағы мемлекеттік сатып алу қорытындылары хаттамасындағы «Бесаспап» ЖШС-ін қаланың кәріз жүйелерін ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша №18949408-ОК1 және №18949364-ОК1 лоттары бойынша жеңімпаз ретінде тану бөлігінің қолданылысын тоқтатып, заңға сәйкес шешім қабылдауыңызды сұраймын.

Директор **А.Абайұлы**